

2020-2021 оқу жылына педагог-психологтың аналитикалық есебі

2020-2021 оқу жылының КМҚК «№ 5 Аққу» бөбекжай-бақшасының педагог-психологы Тюлебаева Нургул Токсамбаевнаның аналитикалық есебі

Балабақшада психологиялық жұмысты әлеуметтік сұраныспен қалыптастыру мақсатында және балабақшаның тәрбие беру ортасында жағдай қалыптастыра отырып, баланың психологиялық дамуын жақсарту мақсатындағы міндеті балалардың психологиялық дамуын бақылап отыру, балалардың дамуындағы мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау, балаларды индивидуалды және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі негізінде психологиялық талдауды жүзеге асыру, көңіл-күйлерін ұйымдастыру, педагогикалық ұжымды және ата-аналарды психологиялық ағарту арқылы, психологтың жұмыс түрлерімен, ақыл-кеңестерімен, бағыттарымен, міндеттерімен, таныстыру арқылы педагогикалық ұжымды психологиялық жұмыс стратегияларын жасауға қатынастыру болып табылады.

Психологиялық бағыт, психодиагностикалық түзету-дамыту, ақыл-кеңестік, ағартушы-профилактикалық;

Балалардың балабақшаға бейімделуі, яғни бейімделу кезеңнен өтуіне психологиялық көмек көрсету, балалармен танысып, топ тізімін дайындау. оқу жылының басында және аяғында балаларға диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу, сенсомоторика карта жүргізу, балабақша балаға әсер етуін анықтап тесеру сұрақ-жауап арқылы, Ұ.О.І.Ә-не қатысып, балаларды бақылау; төмен деңгейдегі балалармен жұмыс, балалардың мектепке дайындағын анықтау, жыл бойына психологиялық түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

Ата-аналармен жұмыс «Баланың балабақшаға бейімделуі» кеңестер беру, «Ата-аналарға арналған» сауалнамалар, «Көңіл-күй терапиясы» тақырыбында жоғарғы топтың ата-аналарымен тренинг ұйымдастыру.

Педагогтармен жұмыс, әкімшілікке әлеуметтік психологиялық көмек, педагогтардың жаңа оқу жылына психологиялық ахуалын жақсартуға көмек беру, «жас тәрбиешілерді ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан кеңестер беру, «өз мамандығының шеберлігін анықтау», тәрбиешілердің Ұ.О.І.Ә-не қатысып, психологиялық тұрғыдан бақылау, жылдың аяғында топтың «даму деңгейін» анықтау, оқу жылының аяғында балалармен жүргізілген психологиялық зерттеу жұмыстарымен педагогтарға жыл бойы

таныстырып отыру, ата-аналардан алынған сауалнаманың қорытындысымен таныстыру.

Жылдық есеп. Психологтың атқарған жұмыстарына байланысты есеп беру.

Қыркүйек айынан бастап 12 топпен жұмыс жасадым, оның ішінде бірінші диагностика жұмыстарын, жоғарғы 8 топқа жасадым, екінші диагностика сәуір айында 12 топпен жасалды. Жылдық жоспар, айлық жоспар құрылды. Қыркүйек айында балалармен бейімделу кезеңінен өтуіне байланысты психопрофилактикалық, психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді. Балалармен танысып топ тізімін дайындадым. Психологиялық ойын арқылы балалардың «ойынды» әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру мақсатында коррекциялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Оқу жылдың басында қазан, қараша айларында және оқу жылдың аяғында сәуір айында балалармен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, таным процестерін анықталып мониторингі шығарылды.

Желтоқсан айында балалармен жүргізілген жұмыстар, баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты «балабақшаға баланың бейімделуі» әдістемесі жүргізіліп, тәрбиешілерге педагогикалық отырыста ұсыныстар тапсырылды. Жалпы алғанда жаңадан келген балалардың бейімделуі жақсы болды, бейімделу парақшалары толтырылды. Бақылау кезінде балалардың психикалық саулығының эмоционалдық жағдайы, үлкендермен әлеуметтік байланысы, балалармен байланысына бақылау жүргізілген болатын. Қорытындысында 10 бала жеңіл бейімделуден өтті, 5 бала орташа түрде бейімделді. Сондай-ақ балаларға психологиялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп отырылды. «Суретті есте сақта», «Не жоғалды», «Бір сөзбен ата», «Жетпей тұрған фигураларды ата», «Суретті құрастыр» т.б. әдістемелер қолданылып жүргізілді. Қорытындысында баланың есте сақтау, зейінін, қабылдау, ойлау деңгейлерін анықталып, анықтама берілді. Барлық топтардың жас ерекшеліктеріне байланысты диагностика толтырылып, қорытынды шығарылды.

Мамыр айында мектеп алды топтарына мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керна-Ирасек тест жұмысы жүргізіліп, диаграмма ретінде көрсетілді. Нәтижесінде балалардың мектепке дайындығы жақсы екені анықталды. 2021 жылдың мамыр айында мектеп алды «Балдырған» тобының анықтау диаграммасы жазылды, қатысқан бала саны: 11.

Балабақша ата-ана байланысын жақсарту мен тәрбиешілердің ата-аналарымен байланысы, қарым-қатынасын анықтау мақсатында балабақшада ата-аналар жиналысы оқу жылының басында және аяғында ұйымдастырылады. Қыркүйек айында «Баланың жас шамасына сай даму ерекшеліктері» кеңестер берілді, кіші топ ата-аналарына «Баланы балабақшаға бейімделуі» туралы яғни үйдегі баланы бақшаға әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету керек екенін ата-аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылады. Жылдың басында балабақшаға деген көзқарасын анықтау мақсатында ата-аналарға сауалнамалал жүргізілді. «Баланы мектепке даярлау» кеңестері таныстырылып тұрды.

Педагогтармен жүргізілген жұмыс, жаңа оқу жылында психологиялық ахуал жақсарту, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында тренингтер өткізіледі. Жас тәрбиешілерді ұжымға бейімдеуде, психологиялық тұрғыдан кеңес берілді. Жас мамандардың жұмысындағы қиындықты анықтау арналған сауалнама сұрақтар әдістемесі алынды. Наурыз айында «Алғыс айту» күніне орай тәрбиешілермен бірлесіп, шығармашылық топ сазды бағдарлама ұйымдастырдық. Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынасын анықтау мақсатында Ұ.О.І.Ә-не қатысып, бақылап, өздерімен бірігіп сабаққа психологиялық-педагогикалық талдау жасалады. Жыл бойы педагогикалық кеңесте балалармен жүргізілген психологиялық зерттеу жұмыстарымды педагогтарға таныстырып отырдым. Педагогтар арасында мінез-құлқ типін анықтау мен өзінің психологиялық ішкі дүниесінің күйі мен қоршаған ортамен қатынасын анықтау мақсатында жыл бойы әдістемелер жүргізіліп, нәтиже шығарылып, кеңестер берілді. 2020-2021 оқу жылының аналитикалық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жасалды, психологиялық анықтама берілді.

Келесі оқу жылына психологиялық жұмыстарды іске асыруды жоспарлайды.

Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын өзіндік жетілдіру.

Педагогтармен, ата-аналармен және балалармен жүргізілетін бес бағыт бойынша жұмыс мазмұнын толықтыру.

Мектепке дейінгі балалық шақтың қалыптасуына жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасау, психикалық қасиеттердің және дара ерекшеліктері бар сәйкестікте қазіргі қоғамдағы мектеп жасына дейінгі баланың тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Өзіндік білім деңгейін жетілдіру.

